

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № 124 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қыркүйекте № 5973 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.12.2021 № 108 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) - тармақшасына және "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі – кемтар балалар) ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу (бұдан әрі – шығындарды өтеу) тоқсанына 9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Шығындарды өтеуді "Сырдария аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кемтар балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне тиісті оқу жылы кезеңінде тоқсан сайын аудан бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығының 22-қосымшасымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11342 болып тіркелген) (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес жүзеге асырылады және жүгінген кезде Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Шығындарды өтеу кемтар балалар:

1) алынып тасталды – Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2) қайтыс болғанда;

3) мүгедектігін алып тастағанда;

4) интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде;

5) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысының мерзімі аяқталғанда;

6) аудан шегінен тыс тұрақты тұруға кеткенде тоқтатылады.

Шығындарды өтеу көрсетілген жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 19.11.2018 № 245 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
14 сессиясының төрағасы:*

Е.Жақыпов

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

Е.Әжікенов